

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1279 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы N 379 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1279 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Б.С.Ізмұхамбетовке жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар мұнай мен мұнай өнімдерін берушілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 6-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19, 20, 21-жолдармен толықтырылсын:

"19. "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ Қазақстан Республикасы;

20. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. Қазақстан Республикасы;

21. "Теңізшевройл" ЖШС Қазақстан Республикасы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі